



Автор: Бекешова Светлана Киргизбаевна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Дені саудың – жаны сау
Тақырып: Заттың сынын білдіретін сөздер

<p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> 1.2.5.1* мәтін/ иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру; 1.3.7.1* мұғалімнің көмегімен сөз/ сөйлем/ мәтінді тексеру және қателерін түзету. Жалпы мақсаты Спортшы Илья Ильин туралы түсінік беру. Заттың сынын білдіретін сөздерді ажырата білуге үйрету. <p style="text-align: right;">Сабақ</p> <p>мақсаттары Барлық оқушы орындай алады: • мәтін мазмұнын түсінеді; • суреттің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді оқи алады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: • мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады; • сөйлемнің қатесін тауып, байқағанын түсіндіре алады. Кейбір оқушылар орындай алады: • мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қоя алады. • сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып, дұрыс сөйлем құрастырып жаза алады.</p> <p>Бағалау критерийлері • мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қояды; • мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді; • сөз, сөйлем, мәтінде жіберілген қателерді анықтайды; • мұғалімнің көмегімен қатені түзетеді.</p> <p style="text-align: right;">Тілдік мақсат</p> <p>Спортзал, секция, зілтемір, олимпиада, дүркін, чемпион Сыныптағы диалог/жазылым үшін сай келетін тіл стилі: ауызша, жазбаша</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: - Илья Ильин саған неліктен ұнайды? - Тағы қандай чемпиондарды білесіңдер? Қазақстандық зілтемірші қыздар туралы не білесіңдер? - Спортпен шұғылданған адам қандай болады? - Заттың сынын білдіретін сөздер қандай сұрақтарға жауап береді? Құндылықтарды дарыту</p> <p>Ынтымақтастық, бір – біріне құрмет көрсету, топта дұрыс жұмыс істеуге, топтағы сыйластыққа, қоршаған ортада өзін дұрыс ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>Пәнаралық байланыс Дене тәрбиесі АКТ қолдану дағдылары Таныстырылым Алдыңғы оқу: Спорт – денсаулық кепілі. Заттың қимылын білдіретін сөздер</p>
---	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Жоспар
(Жоспарланған уақыт есебі
Жоспарланған жаттығу түрлері
Басы 4 мин
Айтылым 4 мин
Ортасы 2 мин
Тыңдалым
Айтылым 3 мин
2 мин
Айтылым
Оқылым
Жазылым 7 мин
Оқылым
Жазылым)

- Жоспарланған жаттығу түрлері
- I. Ширату. Ынтымақтастық орта құру.
 - Көңіл-күйлеріңіз қалай?
- Керемет!
 - Сабаққа дайындықтарыңыз қалай?
- Тамаша!
-Ынтаңыз ше?
- Ғажап!
- 2. «Пазлқұрастыру» әдісі.
 - 3. Сурет қиындыларын құрастыру арқылы топқа бөлу.
 - 3. Ережелерді еске түсіру.
 - 1. Уақытты тиімді пайдалану.
 - 2. Сыныптарыңның ойын жеткізуіне кедергі жасамау.
 - 3. Тапсырмаларды дұрыс орындауға тырысу.
 - Топтық жұмыс
 - 4. «Кім шапшаң?»/өткен материалды еске түсіру/. Таңдаған сурет бойынша (зілтемір, бокс қолғабы, футбол добы) мысал келтіру. Келтірген мысалдардан қимылды білдіретін сөздерді табу.
Дескриптор: - оқушы топпен жұмыс жасай алады;
- сурет бойынша мысал келтіре алады;
- қимылды білдіретін сөздерді таба алады. Оқылымды тапсырмасы Спорт құралдарының (зілтемір, бокс қолғабы, футбол добы) иесін табу. Криштиану Роналдо Илья Ильин Серік Сәпиев
 - Оқылым тапсырмасы Мәтінді түсініп оқу.
Сұрақтарға жауап бер.
 - 1) Мәтінкім туралы?
 - 2) Илья Ильин саған неліктен ұнайды?
 - 3) Тағы қандай чемпиондарды білесіңдер?
 - 4) Қазақстандық зілтемірші қыздар туралы не білесіңдер?
Сергіту. Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз,
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір,
Біз бақытты баламыз
Гүл-гүл жайнап
жанамыз,
Жаттығулар жасасақ,
Шымыр болып қаламыз
Жұптық жұмыс
 - 1-тапсырма. «Ойлан, бірік, талқыла» әдісі.
 - 2) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.
 - 1. Илья Ильин қай жерде дүниеге келген?
А) Алматы В) Қарағанды С) Қызылорда Д) Ақтөбе
 - 2. Илья Ильин кім?
А) зілтемірші В) боксшы С) футболшы Д) баскетболшы
 - 3. 3. Илья – арнайы жаттығуға неше жасынан бастап барған?
А) алты В) жеті С) сегіз Д) тоғыз
 - 2) Мәтін бойынша екі сұрақ құрастырып жазыңыз.
Жұптар бірін-бірі «Бас бармақ» арқылы бағалайды. Дескриптор: - мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады.
Жеке жұмыс.
 - 2-тапсырма.
Суреттің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді оқыңыз.